

Шұғыла - Целинная нива

22 қыркүйек - Қазақстан халықтары Тілдері күні сентября - День языков народов Казахстана



Аудан әкімі Б.И.Сұлтановтың құттықтауы

Поздравление акима района Б.И. Султанова

Құрметті егіндікелдіктер!

Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекет қызметінің маңызды бағыты теңгерімді тіл саясатын жүргізу болып табылады. Тіл саясаты елде үйлесімді әлеуметтік –лингвистикалық кеңістік құруға бағытталып, халықты біріктіру факторына айналуы тиіс. Ол мемлекеттік тілдің әлеуметтік және коммуникативтік функцияларын кеңейту мен нығайтуға, орыс тілінің сөйлесу функциясын сақтауға, басқа этностық топтардың тілдерін дамытуға бағытталуы тиіс. Барлық қазақстандықтар үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілі-біздің руханилығымыз, ұлттық теңдігіміз, мемлекеттілік пен тәуелсіздіктің негізгі арқауы болып табылады. Қазақ тілін меңгеру әрбір азаматтың табиғи ұмтылысына айналуы тиіс. Мемлекеттік тілді білу азаматтың жеке бәсекелестікке қабілеттілігінің, мансаптық жылжуы мен қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуының маңызды факторына айналуы тиіс.

Құрметті жерлестер!

Қазақстан халықтары Тілдері күнімен шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар.

Уважаемые егіндыкольцы!

Важнейшим направлением деятельности государства в сфере межнациональных отношений стало проведение сбалансированной языковой политики. Языковая политика призвана создать в стране гармоничное социолингвистическое пространство, стать фактором единения народа. Она направлена на расширение и укрепление социальных и коммуникативных функций государственного языка, сохранение диалоговой функции русского языка, развитие языков других этнических групп. Государственный язык для всех казахстанцев – казахский язык – является основным стержнем нашей духовности, национальной идентичности, государственности и независимости. Овладение казахским языком должно стать естественным стремлением каждого гражданина. Знание государственного языка является фактором роста личной конкурентоспособности граждан, карьерного продвижения и активного участия в общественно-политической жизни.

Дорогие земляки!

Примите искренние поздравления с Днем языков народа Казахстана.

ТІЛ - ҰЛТТЫҢ МЕРЕЙІ

Халқымыздың қайнар бұлағы қасиетті ана тіліміздің қадір-қасиеті, маңыз мәртебесі күннен күнге асқақтап келеді. Тіл- тіршілік бастауы десек, әр мемлекеттің ұлттық құндылығын айшықтайтын ана тіліміздің айбынын асырып, мерейін тасыту барша азаматтың парызы. Ел тарихына көз жүгіртсек, жетпіс жылдан астам өзге елдің боданы бола жүріп, тілімізден, дінімізден, ділімізден айырылып қала жаздағанымыз шындық. Қазіргі жаһандану заманында әр ұлт өз тілін, мемлекеттілігін сақтап қалу үшін жан арпалысты бастап кетті. Кейбірі соғыс жолымен, кейбірі басқа жолдарды таңдады. Ал біздің еліміз демократиялық жолдарды таңдады. Бұл дегеніміз сөз бостандығы, халық билігі деген мағына береді. Егемендігімізді алған жылдардан бері елімізде көптеген игі істер атқарылып, Орта Азияның көшбасшысы атансақ, енді Еуроодақтың төрағасының креслосына көтерілдік. Бұл қазақ тарихының ең ақтандақ, алтын өріппен жазылатын жылдары болмақ. Ұрпағымызға, ұлтымызға ұланғайыр даламызды мұра ете отырып, ана тілімізді, ата салтымызды сақтауды ата бабамыз аманат етіп кеткен болатын. Бүгінгі азат елде, асқақ қыранды шарықтатқан қазақ елінің қазіргі азаматтары біздер өң бақытты адамдармыз. Бейбіт күнде бірлік пен берекеде өмір сүріп жатырмыз. Ұлттық идеологияның қайнар бастауы тіл саясатын дамыту болып табылады. Елбасымыз биылғы жылы «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» жобасын барша халық назарына ұсынды. Аталмыш жоба Финляндия, Швеция, Эстония, Франция, Ресей т.б елдердің бағдарламасына негізделіп жасалды. Бұған дейінгі қабылданған 1991-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама өз миссиясын табысты аяқтады. Бүгінгі бағдарлама 2020 жылға Қазақстан республикасының әрбір азаматының мемлекеттік тілді меңгеруіне нақты бағыт бағдар бере отырып, оқытып үйрету саласына мән беретін жылдар болады. Бағдарлама бойынша мектептердегі қазақ тілін оқытып үйрету, аудан, қала орталықтарында мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын ашу жұмыстары нақты қолға

алынуда. Ал бағдарлама бойынша орталықтан білім алған тыңдаушылар Казтест бағдарламасы бойынша арнайы орталықтарда емтихан тапсырып мемлекеттік тілді меңгергені туралы сертификат алатын болады. Биылғы жұрт назарына ұсынылып отырған мемлекеттік бағдарламаның тиімділігі осында. Республикалық бағдарламаны жүзеге асырудың мемлекеттік тілдегі мектептермен оның оқытушылар санын арттыру болып отыр. Қазақ тілінде оқытылатын балабақшалар, топтар санын арттыру арқылы олардың болашақта мемлекеттік тілді меңгерген білімді ұрпақ болуына жағдай жасайды. Мемлекеттік тілді сот, іс жүргізу тілі ретінде қалыптастыру болып отыр. Осыған байланысты республикалық көлемде көптеген әдістемелік құралдар, сөздіктер, компьютерлік дискілер жасалынады. Сонымен бірге мемлекеттік тілде өткізілетін мәдени шаралар түрлі фестивальдер, байқаулар, дөңгелек үстелдер бағдарламаға сай өткізіліп мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесін қосары сөзсіз. Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңі үшке бөлінген. Бірінші кезеңдегі 2011-2013 жылдар тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік, әдістемелік базасын нығайту. Екінші кезең 2014-2016 жылдар мемлекеттік тілді дамытуға, оқып үйренуге арналған жаңа технологияларды пайдалануды жүзеге асыру. Үшінші кезең 2017-2020 мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірде толыққанды қолданылуын мониторингілер арқылы жүзеге асыру және қолданысқа еңгізу. Республикалық бағдарламаның басты бағыттарының бірі БАҚ арқылы мемлекеттік тілді насихаттауды жүзеге асыру. Газет - халықтың айнасы болғандықтан, түрлі ақпарат құралдарын жаңадан шығару, бұрыннан бар газеттерде тілге қатысты мақала сандарын көбейту арқылы жүзеге асырылмақ. Қазіргі халықтың талқысына ұсынылып отырған бағдарламаға болашақты болжаған жоба ретінде қарауға болады.

Асылбек Байжұма

Егіндікөл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

Тіл саясаты-

ел мұраты

Ұлтымыздың басты құндылығы мемлекеттік тіліміздің қазақ тілі статусын алғанына да 20 жыл толды. 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тілдері туралы» Заңы қабылданғанды. Осы уақыттан бері Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында ана тіліміздің маңыз мәртебесін арттыруға айрықша мән беріліп келеді. 1990 жылдары Қазақстан Республикасында «Тілдерді дамытудың 1991-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бекітіліп, жүзеге асырыла бастады. Ондағы басты мәселенің бірі: мемлекеттік органдардың іс-қағаздарын кезең-кезеңмен қазақ тіліне көшіру мәселесі және мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаратын өзге ұлт өкілдерін мемлекеттік тілге оқыту, үйрету еді. Осы уақыттан бері Мәдениет министрлігінің құрамында Тіл комитеті, облыстарда тілдерді дамыту басқармалары, облыс орталықтарында мемлекеттік тілді оқыту орталықтары құрылды. Барлық аудандарда мәдениет бөлімінің құрамына тіл саласы қосылды. Мәдениет пен тілді тікелей байланыстыру арқылы мемлекеттік тілді дамыту саясаты жүзеге асырыла бастады. Республикалық көлемде «Руханият» баспа орталықтары, «Атамекен» корпорациялары құрылып, миллиондаған тиражбен түрлі сөздіктер, әдістемелік құралдар баспаханадан шығарыла бастады. Мемлекет тарапынан барлық қолдау көрсетіліп, республикалық бюджеттен миллиондаған қаржы құйылды. Мәдениет министрлігінің құрамында ономастикалық комиссия, терминология комиссиялары құрылды. 2007 жылы 31 мамырдағы №127 Елбасымыздың Жарлығы бойынша, Қазақстан Республикасының барлық өкілетті және атқару органдары іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру жұмыстарын бастап кетті. Біздің облысымыз 2008 жылдан іс-қағаздарын қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіру жұмыстарын жалғастыруда.

жалғасы 2-бетте

жалғасы.Басы 1-бетте

Тіл саясаты-ел мұраты

Осыған байланысты еліміздің басты құндылығы қазақ тілінің мәртебесін арттыру мақсатында «Ұлттық доктрина» құжаты қабылданды. Бұл тарихи құжатты қабылдауға еліміздің зиялы қауымы атсалысып, пікірлері есепке алынды. Өткен аптада «Ұлттық доктрина» жобасын түсіндіру, насихаттау тобы облыс орталығынан ауданымызға арнайы ат басын тіреп, мемлекеттік қызметшілермен жұмыс жасады. Қазіргі уақытта Елбасымыз «Мемлекеттік тілді дамытудың 2001-2020 жылдарға арналған республикалық бағдарламасын» бекітті. Бұл шара көпұлтты мемлекетіміздің ұлтаралық, дінаралық, тіларалық татулығын тұрақтандыру мақсатында жасалды. Қазіргі көршілес елдердегі саяси ахуалдары ушыққан елдер үшін берекесі мен бірлігі жарасқан Қазақстан сынды мемлекет басқарлаға үлгі бола білуде. Халықтың қазынасы-тілі. Ұлттың рухани байлығы-салты. Ендеше халқымыздың қазынасы, ұлтымыздың ұрпағымызға қалдырар ұлы мұрасын болашаққа қалдыру үшін тыңғылықты еңбек, уақыт керек. Елбасымыздың басты саясаты берекелі, мерекелі, саяси тұрақты, әлеуметтік-экономикалық дамыған, тілі мен дінін сақтаған мемлекет қалыптастыру. Ұлттық идеологиямыздың басты құндылығы –тіл. Абай, Шәкәрім сөйлеген, Төле мен Қазыбек, Әйтеке бабаларымыздың қара қылды қақ жарып, қалмақтың өзін қазақ тілінің қасиетімен бастарын тұқыртқан заман болғанын тарихтан білеміз. Ендеше жылдан-жылға өркендеп өсіп, қанатын кеңге жайып келе жатқан қасиетті қазақ тілінің болашағы кемел, мұраты асқақ болары хақ. Елбасымыздың сөзімен айтсақ «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деген даналық сөзі баршаға үндеу, болашаққа ескерту екенін естен шығармайық.

Бауыржан Камиев,
жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі басшысы

Говорят дети

О Родине, дружбе, языке и родном селе...

К. Бондаренко, 5 класс.

Қазақ тілі – болашақтың тілі.

Л. Максуюкова, 6 класс.

В крепкой дружбе - наша сила.

А. Шевцова, 5 класс.

Отан отбасынан басталады.

Л. Шадура, 3 класс.

Родина – наша мать. Она нас растит, кормит, поит.

М. Пяхин, 6 класс.

Мой лучший друг мне как брат.

М. Окрушко, 3 класс.

Наш район – золотая нива Родины.

А. Алпыспаева, 3 класс.

Наш злеватор больше других – значит хлеба больше.

А. Бондаренко, 3 класс.

Мой папа – хлебороб. Он выращивает хлеб. В этом году он много трудился, чтобы собрать урожай. Очень тяжелый труд у хлебороба.

К. Ахметова, 3 класс.

Несколько лет назад наше село было не таким, как сейчас. Оно сейчас красивое: строятся дороги, сделан ремонт в нашей школе – школа удивительная, я ее не узнаю.

Д. Начаева, 3 класс.

У нас в селе живут люди разных национальностей, и все они добрые, внимательные, гостеприимные, вежливые.

Егіндікөл аудандық мәслихаты депутаттарының және аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, 2010 жылғы 23 қыркүйек күні сағат 11.00-де Егіндікөл ауылында аудандық мәслихаттың кезекті 27 сессиясына шақырылатынын хабарлаймын.

Сессияның қарауына негізгі мәселелер енгізіледі:

1. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы Егіндікөл аудандық әкімінің есебі жөнінде.
2. Аудандық мәслихат тексеру комиссиясының есебі туралы.
3. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 4С21-2 «Ауданның 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.
Аудандық мәслихат депутаттарының келуі сағат 09.00-ге дейін.
Сағат 09.30 аудандық мәслихаттың тұрақты және тексеру комиссияларының мәжілісі өтеді.

Р. Муллаянов, аудандық
мәслихаттың хатшысы

Тілге құрмет



Тәуелсіз, егеменді Қазақстанның қоғамдық өмірінде өзіндік орын алған Қазақстан халықтары Тілдері мерекесі барша ұлт тілдеріне құрмет көрсететін ортақ мейрам. Ана тілін жетік білу, ана тілінде таза сөйлеу үлкен -мәдениеттіліктің белгісі екендігі баршаға аян. «Өнер алды қызыл тіл» деп дана халқымыз айтқандай, ана тілін шұбарламай таза сөйлей білу де үлкен өнер. «Ұлт боламын десең, ұрпағыңды ойла» деген қағидаға сүйене отырсaq, бүгінгі ұрпақ –ертеңгі болашақ, ал болашақтың тағдыры мемлекеттік тілдің өркендеуімен дамуымен байланысты. Тіл -адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын ерекше құрал десек, халықтар

достығы жүрекпен өрнектеліп, тіл арқылы жетеді.

Сүлейменова Анастасия Анатольевна Буревестник елді мекенінің тумасы. Орта мектепті орысша оқып, орысша тәрбие алғанына қарамастан, қазақ тілін өте жетік меңгерген Анастасия қазақ жігітіне тұрмысқа шықты. Жолдасы Уәлихан екеуі Арман және Әйгерім атты ұл мен қызды тәрбиелеп, өсіріп отыр. Балалары аудан орталығындағы №1 ЕОМ –нің 3 және 8 сыныптарында білім алып жатыр.

Қазақстанда тұрып, қазақ тілін қалай үйренбесек- дейді біздің жерлесіміз. Мемлекеттік тілді үйрену, құрметтеу, қадірлеу әрбір қазақстандықтың парызы деп білемін. Тұрған жеріміз қазақ елді мекен болса, араласқан ортамыз, көрші-қопаң, достарымызбен қазақ тілінде емін-еркін сөйлесіп, араласып тұрамыз. Қазақы салт пен жөн-жоралғыны бір кісідей-ақ білетін Анастасиядан тіл үйренуге ықылас танытпайтын, кейбір жерлестеріміз өзге ұлт өкілдерінен қарап, үлгі-өнеге алса дейміз.

«Қазақ тілінің байлығы-қазақ халқының, ұлтының байлығы. Осы байлықты бағалай білуіміз керек. Сонда ғана біздің Қазақстан басқа жұрттармен иық теңестіре алатын іргелі ел болады» деген ғалым Сәрсен Аманжолов ағамыздың сөзін әрдайым есте сақтағанымыз жөн.

өз тілшіміз

Ана тілі-жүрек үні

Жастайыңнан қиялыңды қияға өрлеткен ғажайып ертегілер, шыншыл да сыршыл аңыз әңгімелер, ерлікті, елдікті дәріптеген батырлар жырлары, шынайы махаббаты мұрат еткен әсем де әсерлі ғашықтық, лиро-эпостық жырлар, береке бірлікті мақсат еткен өткір де өміршең шешендік сөздер, халық даналығы мақал-мәтелдер ана тілінде дүниеге келіп, әрбір адамға сол ана тілінде жетіп отырады. Ана тілінде таралған осындай халық мұраларынан ғибрат аласың, олардан өміріңе өнеге аласың. Одан жақсы, жаманды танып әсерленесің, білім алуға, білуге құштарлығың артады. Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халыққа деген жанашырлығына, Абайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өмірімізге азық етеміз.

Ана тілінің күші мен құдіретін туған халқымыз әуелден-ақ бағдарлап, сөз өнерін бар өнердің басы деп санады. Мысалы: «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би», «Тіл тасжарады, тасжармаса басжарады», «Тоқсанауыз сөздің тобықтай түйіні бар», «Ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен бітірген», «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген сөздер халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. 1989 жылы қазан айында республиканың Жоғары Кеңесі қабылдаған Қазақстанның Тіл туралы заңына сәйкес қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Қазақ тілі-Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге басқа туысқан республикаларда, шетелдерде тұратын қандастарымыздың да ана тілі.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың, Жауыз тағдыр жойды бөріні не бардың, Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!-деп ақын Мағжан Жұмабаев жырлағандай ана тіліміздің қадір-қасиетін бағалай білейік!

Тәңірбергенова Сезім
№1 Егіндікөл орта
мектебінің 7 сыныбы

К сведению депутатов Егиндыкольского районного мас-лихата и населения района

В соответствии с пунктом 3 статьи 10 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республики Казахстан» сообщая, что 23 сентября 2010 года в 11 часов в с. Егиндыколь созывается очередная 27 сессия районного маслихата.

На рассмотрение сессии вносятся основные вопросы:

1. Об отчете акима Егиндыкольского района о социально-экономическом развитии района.
2. Об отчете ревизионной комиссии районного маслихата.
3. О внесении изменений в решение районного маслихата от 23 декабря 2009 года № 4С21-2 «О бюджете района на 2010-2012 годы» и другие вопросы.
Заезд депутатов районного маслихата до 09.00 часов.
В 09.30 часов состоится заседание постоянных и ревизионной комиссии районного маслихата.

Р. Муллаянов,
секретарь районного маслихата

Тіл тағдыры-ел тағдыры

Ананың ақ сүтімен даритын тіл адамның қарым-қатынасы ретінде қарастырылады. Сондықтан, әркім өзінің ана тіліне деген құрметін ешқашан жоғалтпауы тиіс. Өйткені ана тілі арқылы ғана маңдайдағыны саралап, ой түйетін адам өзінің еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түседі. Бүгінгі таңда біздің елімізде тілдердің үш тұғырлы деген жаңа термин де пайда болды. Ендігі жерде әлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілі мен қатар орыс және ағылшын тілдерін де жетік білуді талап етеді. Жас ұрпағымыз әлемдік даму үрдістерінен кейін қалмау жолында талпынып жатқаны дұрыс та шығар... Бірақ талай жылдар бойы өз елінде өркендей алмаған ана тіліміздің мәртебесі жоғары болуға тиіс деп ойлаймын. Мемлекетімізде қазақ тілінің мәртебесін көтеруге байланысты көптеген игі шаралар қолға алынып, жүзеге асырылуда. Елбасының өзі бір сөзінде: «қазақ пен қазақ бір-бірімен қазақша сөйлессін» деген болатын. Шын мәнінде де ана тіліміздің биік шыңнан көрініп, жоғары мәртебеге ие болу үшін әрбір қазақ баласы өз ана тілінің құдіретін түсініп, жоғары дәрежеде бағалай білуі қажет!

Ана тілім-менің мөлдір бұлағым,
Жүрегімді жарып шыққан жыр ағын.
Ана тілім-бесік жыры анамның,
Ана тілім-атамекен тұрағым.

№1 Егіндікөл орта мектебінің 8 сынып
оқушысы Демесина Ақшолпан.

Ана тілім-тірлігімнің тірегі

Әр ел өз тілі арқылы әлемді, дүниені, өмірдің құндылықтарын таниды, өз елінің мәдениетін жасайды, өмірден түйген тағылым, тұжырымдарын келешек ұрпақтарына жеткізеді. Біздің ұлы қазынамыз, асыл мұрамыз-қоңыр үнді қазақ тілі. Тіл- мемлекеттік нышан ретінде танылатын басты құндылық. Сол себепті де қазақ елінің мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Халқымыз қашанда өз тілін ардақтап, кие тұтқан. Ананың әлдиімен ұрпақ бойына таралып, ананың бал сүтімен сүйегіне сіңетін тілді, ана тіл деп аялаған. Атаның ақылы мен даналығына суарылған сөз аталы сөз деп есептелген. Неше ғасырлық тарихы бар, ауызша да жазбаша да мол мұрасымен танылған тілімізді бабаларымыз қасиетті деп қастерлеп, ұрпақтарына аманаттаған.

«Бар жақсылықтың басы- тіл» деп Махмұд Қашқари айтқандай, қазіргі таңда қазақ тілінде көп көңіл бөлініп, қазақ тілінің рухын асқақтатып, дамытуда көптеген игі істер атқарылуда. Дәстүрлі, тұрақты, тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, ұлттық деңгейдегі қазақ тілі- бұл күнде мемлекетіміздің қоғамдық, әлеуметтік, саяси, мәдени салаларының бәріне мінсіз қызмет көрсетіп отырған – мемлекеттік тіл.

Ариу Айгул, №1 Егіндікөл
орта мектебінің 9 сынып оқушысы

ФЕСТИВАЛЬ ЗДОРОВЬЯ – 2010

На основании Концепции «Фестиваля здоровья» 11 сентября 2010 года на территории района была проведена широкомасштабная акция «Фестиваль здоровья – 2010». В этом году она прошла под девизом «Питайся разумно. Живи спортивно. Береги здоровье!». В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана» подчеркивается, что «Здоровье народа – это неотъемлемая составляющая успеха Казахстана в достижении своих стратегических целей. Здоровый образ жизни и принцип солидарной ответственности человека за свое здоровье – вот, что должно стать главным в государственной политике в области здравоохранения и повседневной жизни населения. К 2020 году должны быть привлечены к массовому спорту до 30% казахстанцев, вдвое снижены материнская и младенческая смертность, на 30% уменьшена общая смертность, и на 20% – заболеваемость туберкулезом. При этом ожидаемая продолжительность жизни увеличится до 72 лет». Цель проводимой акции – привлечь внимание общественности, широких масс населения к ведению здорового образа жизни. Организаторами акции являлись отдел физической культуры и спорта и центр формирования здорового образа жизни.

Во всех сельских округах района в этот день были проведены различные спортивно-массовые мероприятия, и обязательным видом спортивных соревнований традиционно был забег «Президентская миля».

В районном центре на центральном стадионе уже в 8.30ч. начали собираться любители физкультуры и спорта и болельщики соревнований: учащиеся общеобразовательных школ, гражданские и государственные служащие, работники организаций, служб и ведомств. К сожалению, проведение акции совпало с уборочной страдой, что не позволило принять более активное участие работников сельхозпредприятий. Но это ни в коем случае не помешало массовости проводимого мероприятия.

Самой массовой и зрелищной колонной проществовали на стадион учащиеся и учителя Егиндыкольской СШ №2, во главе колонны ехали юные велосипедисты, далее, скандируя лозунги о здоровом образе жизни, шествовали учащиеся и учителя с яркими флажками и транспарантами. У входа на центральный стадион у интересно и красочно оформленного стенда с фотографиями о спортивной жизни района, все желающие могли получить информацию по здоровому образу жизни в виде брошюр, плакатов о правильности питания, о вреде курения, алкоголизма, наркотиков, о пользе здорового образа жизни. На стенде «Егиндыколь за здоровый образ жизни» были вывешены фотографии лучших спортсменов района. Участники и зрители акции могли согреться горячим чаем и вкусными пирожками, предложенными предпринимателями с. Егиндыколь.

Перед началом соревнований юные велосипедисты и скейтбордисты показывали зрителям акции успехи в овладении мастерством катания.

После построения участников с приветственным словом к зрителям, болельщикам – участникам акции выступил аким района Султанов Болат Ибрагимович, который отметил развитие массового спорта в нашем районе и во всем Казахстане, пожелал успешных выступлений участникам соревнований и, отметив, что в этой оздоровительной акции проигравших не будет, все получают хороший заряд положительных эмоций и отличное настроение.

Согласно регламента и правил соревнований, забег «Президентская миля» проходил на дистанции 1600 метров, состав участников забега был разбит на три возрастные группы. В первой группе соревновалось взрослое население от 35 лет и старше, возраст второй группы – 18 – 34 года и третья возрастная группа – школьники от 14 до 18 лет. Результат участников массового забега определялся по лучшему показанному времени, выполнение Президентского уровня – 5 минут, уровня Национальной готовности – 6 минут, зачет участника забега – 6 минут и более.

Старт первого забега начался у старшей возрастной группы. Во время забега зрители бурными овациями поддерживали участников соревнований. На дистанции в обязательном порядке присутствовала бригада скорой неотложной медицинской помощи. Ведущие акции азартно комментировали спортивный забег во время прохождения дистанции любителей бега. В итоге у мужчин первым на финише был **Кабишев Косман** (директор ДЮСШ), второе место занял **Ильясов Габдулазиз** (аким с.Егиндыколь) и третье **Жакенов Мухтар** (учитель ЕСШ №1). У женщин первое место второй год подряд заняла **Шевченко Людмила** (учитель ЕСШ №2), второе **Мусина Лязат** (главный специалист сельского округа).

В день проведения акции «Президентская миля» температура воздуха не превышала 10°C, сыпал первый снег, и зрители «Фестиваля здоровья», чтобы согреться, с удовольствием поучаствовали в танцевальном марафоне под ритмичную музыку в сопровождении танцоров районного дома культуры.

Во второй возрастной группе среди мужчин первое

место занял **Штаутынгер Александр** (Егиндыкольский РУТ), второе **Куанышев Арман** (специалист РДК), третье **Даулбаев Бауржан** (управление юстиции), среди женщин (также второй год подряд) заняла **Алек Данагуль** (учитель ЕСШ №1), второе **Мусина Самал** (специалист РДК), третье – **Щеглова Ирина** (ЕСШ №2). Третий забег в младшей возрастной группе был самым многочисленным, в нем приняли участие, в основном, учащиеся общеобразовательных школ. В итоге упорной борьбы среди юношей первое место занял **Шевченко Вадим** (ученик 10 класса ЕСШ №2), второй результат показал **Асадов Мурад** (9 класс ЕСШ №2), третий – **Канапья Равхат** (9 класс ЕСШ №1). Среди девушек первой на финише была **Садыкова Улбосын**, второй – **Бахытхан Ралия** (обе ЕСШ №1), третьей – **Варкина Кристина** (ЕСШ №2).

Грамотами акима района и ценными призами под громкие аплодисменты и овации болельщиков были награждены все победители и призеры соревнований, также грамотами и призами от НДП «Нур Отан» были награждены самые юные участники забега «Президентская миля».

Ежегодное проведение данной акции послужит большему привлечению к массовым занятиям физической культурой и спортом. И на примере будут привлечены к занятиям физкультурой и спортом дети и подростки.

И надеемся, что любители здорового образа жизни не остановятся на успехах и неудачах, а продолжат свои занятия не только в виде оздоровительного бега, но и в других видах спорта.

Владимир Шевцов, начальник отдела физической культуры и спорта



Вниманию предпринимателей

ЕСЛИ НАРУШЕНЫ ПРАВА

Управление государственного санитарно-эпидемиологического надзора по Егиндыкольскому району информирует об изменениях в некоторых законодательных актах Республики Казахстан, а именно Закона Республики Казахстан «О частном предпринимательстве».

В соответствии ст. 37-1 п.7 уполномоченный на осуществление контрольных и (или) надзорных функций государственный орган обязан известить в письменном виде субъекта частного предпринимательства о начале проведения плановой проверки не менее чем за тридцать календарных дней до начала самой проверки с указанием сроков и предмета проведения проверки. При проведении внеплановой проверки, за исключением случаев, предусмотренных подпунктами 3), 4), 7) и

8) пункта 7, 9 и 10 статьи 37-1 Закона Республики Казахстан «О частном предпринимательстве» государственный орган обязан известить субъекта частного предпринимательства о начале проведения внеплановой проверки не менее чем за сутки до начала самой проверки с указанием предмета проведения проверки.

Уведомление о проведении проверки (плановой или внеплановой) направляется за подписью руководителя или лица, исполняющего его обязанности.

Г.
Джумамуратова,
ведущий специалист-юрист УГСЭН
по Егиндыкольскому району

Сұрақ - жауап

Мен, Баянгуль Әмірсәріковна Жетпісбаева, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданында тұрамын. 2009 ж. 02.12 11 - IV «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес көп балалы аналар, 7 және одан да көп балалы аналар «Алтын алқа» атағымен, 6 балалы аналар «Күміс алқамен» марапатталады.

Осыған байланысты 6 – баланың анасы болғандықтан құжаттарды жинаған кезде осындай жағдаймен кездестім:

Неке бұзу туралы акт жазбасында менің атым Баян деп, ал жұбайымның туған жылы 1942 ж. деп жазылған, балаларымның туу туралы акт жазбаларында ана бағанасында Баянгуль, өке бағанасында 1939 ж. туған деп және де менің әкемнің аты көрсетілмеген.

Шындық негізі бойынша бір бала туу туралы акт жазбасындағы есімінен ерекше басқа есіммен, қалған балаларымда туу туралы куәліктерінде қателер, жазылмаған деректер, бұрмалау, көптеген қиыншылықтар мен реніш туғызған. **Не істеймін?**

Оқырмандарымыздың сұрағына Егіндікөл ауданы Әділет басқармасының жетекші маманы К.Баймаков жауап береді.

Кез келген акт жазба жеткіліксіз мәліметтермен толықтырылуы мүмкін, және де кез келген қателіктері бар акт жазбаны түзетуге болады.

Акт жазбаларына өзгерту, түзету және толықтыру енгізу туралы арызды тапсыру кезінде, өтініш берушінің тұрақты жері бойынша әділет басқармасына берілуі керек. Өтініш бір ай ішінде қарастырылуы мүмкін.

Өзгерту, түзету және толықтыру туралы өтінішті, өтініш берушінің тұрақты жері бойынша бекітілген нысанда тапсырылады.

Өтінішке азаматтық халық акт жазбаларды тіркеу куәлігі, ауыстыруға жататын және өзгертуді, түзетуді және толықтыруды енгізу үшін дәлелдейтін құжаттарымен толықтырылуы керек.

Толығымен жазылған түсініктеме, өтініштің мағынасы

нақты түрде жазылған, қандай байланыс нәтижесінде түзету, толықтыру, және өзгертуді қандай акт жазбаларына енгізу керек екендігін тиісті құжаттарға сілтеме ретінде көрсетілуі керек.

Өтініш берушінің толығымен жазылған түсініктемесі АХАЖ органдарына керекті және күмен туғызатын деректерді тексеру үшін мүмкіндік туғызады.

Егер де қажетті болса АХАЖ органдары қосымша құжаттарды талап етеді.

Міндетті түрде өтінішке қосымша құжаттар, өтініш берушінің куәландыратын құжаты (жеке куәлік, төл құжат); өтініш берушінің туу туралы куәлігі; неке қию куәлігі; балаларының туу туралы куәліктері; өке – шешесінің жеке куәліктері; өтініш берушінің еңбек кітапшасы; зейнеткер куәлігінің көшірмесі, егер өтініш беруші зейнеткер болып табылса; өскери билет, егер өтініш беруші өскери міндетті болса; үй кітапшасы.

Азаматтық халықтық актілеріне өзгерту, толықтыру және түзету енгізу, келесіде куәлік беру негіз болуына (растайтын құжаттардың) аумақтық тиістілігі бойынша АХАЖ органдарымен орындалады.

Мүдделі адамдардың арасында дау болмаса және жеткілікті негіз болмаса ғана акт жазбаларына өзгертулер, толықтырулар және түзетулер тек осы жағдайда енгізіледі.

Егер дау туса және көрсетілген түзетулерді енгізу үшін негіз болмаса (растайтын құжаттар) бұл сұрақ сот органдарының тәртібімен шешіледі.

Құрметті азаматтар, АХАЖ органдарында кез келген куәлікті алған кезінде, құрастырылған акт жазбаны ұқыпты оқыңыз, қателері болмаған жағдайда күтпеген салдарға ұшырамау үшін қолыңызды қойыңыз.

Өйткені халықтық акт жазбалардың жазылу тәртібі жалпы ережелеріне сәйкес, негіз ретінде берілетін куәліктер, өзгеріссіз болу керек. Керексіз түзетулерді заңнамамен болдырмау үшін азаматтық халық актілерін тіркеу туралы бекітілген ережесі, 22 мамыр 1999 жылдың Қазақстан Республикасының қаулысы бойынша АХАЖ органдары кез келген азаматтық халық актілеріне өз еріктерімен болмашы түзетулерді енгізу құқықтары жоқ, сондықтан құжаттарыңызға ұқыпты болыңыз.

Сотталғандарға қолданылатын шаралар

Қылмыстық жазаны орындату құқық қорғау органдары міндеттерінің бірі болып табылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жазалауда және басқа да қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын осыған арнайы өкілдік берілген органдар қолдануда.

Қылмыстық-атқару инспекциялары жазалауды орындау жөніндегі маңызды қызметтерді жүзеге асырушы мемлекеттік органдардың бірінен саналады. Қылмыстық-атқару инспекциясына сотталған адамды қоғамнан ажыратпауға байланысты жаза түрлері жүктелген. Оларға белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жатады.

Мұнымен қатар қылмыстық-атқару инспекцияларына шартты түрде сотталғандарға бақылау, жас балалары бар, жүкті әйелдерге қатысты үкімді орындау мерзімін кейінге қалдыру жазасын атқару жүктелген.

Соттан үкім түсіп, есепке алу журналына енгізілген сәттен бастап, жергілікті жердегі инспекция шартты түрде сотталған адамның сынақтан өту мерзімі бойынша оның тәртібін, жүріс-тұрысын бақылап отырды. Инспекция қызметкерлері сотталғандарды түзету және қайта тәрбиелеу барысында олармен профилактикалық

өңімелер өткізіп, ай сайын олардың тұрғын орындарына қатынайды, жазаны өтеу барысында туындаған мәселелерді, тәртіп бұзу себептерін және жазаны өтеу шарттарын анықтайды, сонымен қатар басқа да іс-шаралар өткізеді. Қызметтің негізгі бағыттарын орындау үшін қылмыстық-атқару инспекциясына белгілі бір өкілдіктер берілген. Олардың қатарында ынталандыру және жазалау шараларын қолдану бар. Егіндікөл қылмыстық-атқару инспекциясы есепті мерзім ішінде сотталған 7 адамға мерзімінен бұрын босату түріндегі ынталандыру шараларын қолданады. Алайда, қолданылған жазаның ізгілігін толық түсінбейтін сотталғандар да бар. Егер шартты түрде сотталған адам қоғамдық тәртіпті жүйелі және қасақана бұзып, ұсынысы үшін өкімшілік сөгіс алса, онда органның ұсынысы бойынша сот шартты түрде соттау күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны атқару туралы қаулы қабылдайды.

Н.Асеева
Аудандық қылмыстық-атқару
инспекциясының инспекторы
әділет аға лейтенанты

Аппарат акима Егиндыкольского района
поздравляет
акима села Егиндыколь
Ильясова Габдулгазиза Жаксылыковича
с Днем Рождения!

Желаем бодрости всегда
И человеческого счастья,
Желаем жить и никогда
Не замечать, что годы мчатся.
Желаем радости душевной,
Успехов в жизни повседневной,
Здоровья крепкого всегда,
Не падать духом никогда!

Считать недействительным утерянные
учредительные документы ФРО ДУМК мечеть
«Жалманқұлақ»: положение, РНН, свидетельство
учетной регистрации, статкарта.

Благодарим за поддержку и помощь в организации
похорон нашего отца, мужа Головки Николая
Васильевича руководителя ТОО «Ушаково-Агро»
Искакова Б.И., разделившего с нами горечь утраты.
Семья Головки.

СПЕЦОДЕЖДА, СПЕЦОБУВЬ, СИЗ
г. Астана, ул. Анарская 1/1, 8(7172)53-
22-02; 8-701-292-57-80

Продам мебельную стенку четырёхсекционную,
б/у. Дёшево.
тел.: 2-11-72, 87026300923

Занды тұлғалар, жеке кәсіпкерлердің назарына!

ҚР Үкіметінің 2009ж. 20.12. № 2137 Қаулысымен бекітілген 2010 жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес, жалпымемлекеттік статистикалық есептіліктердің бірі болып келесі нысандар саналады:

- 1-КҚ (шағын) (тоқсандық) «Орындалған құрылыстық жұмыстар (қызметтер) туралы есеп», респонденттер тобы – құрылыс қызметін жүзеге асыратын жеке, жұмыс істеушілер саны 50 адамнан аспайтын занды тұлғалар және олардың құрылымдық бөлімшелері, тапсыру мерзімі – 2010 жылдың 10 қазанынан кешіктірмей (байланыс телефондар: 25-05-64, 25-43-02);

- 2-ШК (тоқсандық) «Шағын кәсіпорын қызметі туралы есеп», респонденттер тобы – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, қызметкерлердің тізімдік саны 50 адамнан аспайтын занды тұлғалар, сондай-ақ шетелдік занды тұлғалардың филиалдары, тапсыру мерзімі – 2010 жылдың 25 қазанына дейін (байланыс телефондар: 40-19-57, 25-43-02);

Естеріңізге саламыз, «мемлекеттік статистикасының тиісті органдарына сенімсіз алғашқы статистикалық деректерді ұсыну немесе дер кезінде ұсынбау» өкімшілік құқықбұзушылық деп саналады және Қазақстан Республикасының «Өкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексінің 381 б. сәйкес жауапкершілік туғызады.

Вниманию юридических лиц, индивидуальных предпринимателей!

Согласно плану статистических работ на 2010 год, утвержденному Правительством Республики Казахстан № 2137 от 20.12.09г., одними из форм общегосударственной статистической отчетности являются:

- 1-КС (малые) (квартальная) «Отчет о выполненных строительных работах (услугах)», круг респондентов – физические, юридические лица и их структурные подразделения с численностью работающих до 50 человек, осуществляющие строительную деятельность, срок предоставления - не позднее 10 октября 2010 года (контактные телефоны: 25-05-64, 25-43-02);

- 2-МП (квартальная) «Отчет о деятельности малого предприятия», круг респондентов – юридические лица, а также филиалы иностранных юридических лиц, осуществляющие предпринимательскую деятельность, со списочной численностью работников не более 50 человек, срок предоставления – до 25 октября 2010 года (контактные телефоны: 40-19-57, 25-43-02)

Напоминаем, что «несвоевременное представление, предоставление недостоверных первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики» является административным правонарушением и влечет ответственность в соответствии с Кодексом Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» (статья 381).

Адрес редакции: 020600 Ақмолинская область, с. Егиндыколь, ул. Победы, тел/факс: 2-13-69, E-mail: ts.niva@rambler.ru

Собственник: ГКП на ПХВ «Редакция газеты «Шұғыла – Целинная нива» при аппарате акима акимата Егиндыкольского района	Директор – редактор Светлана Гурбанова	Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель. Претензии по поводу ошибок, допущенных рекламодателями, принимаются в течение 2 месяцев со дня публикации. Опубликованные материалы могут не отражать точку зрения редакции.	Газета набрана, сверстана в редакции газеты «Шұғыла – Целинная нива». Отпечатана в АО «Астана полиграфия» г. Астана, ул. Брусиловского.87	Ответственная за выпуск материалов на государственном языке Г. Тусупбекова	Регистрационное свидетельство №4551-Г от 31 декабря 2003 года. Выдано Министерством информации Республики Казахстан. Тираж 240 экз.
---	---	--	---	--	---